

**«6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Алдашева Камар Сагингалиевнаның «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысына ресми**

## **ШКІР**

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Бүгінде еліміздегі тіл саясаты тарихтан бастау алып, ұлттық идеямыз кезең-кезеңдік дамуды бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Мемлекеттік тіл саясатының басым бағыттарының бірі – қазақ тілінің қолданысын, лексикалық қордың молаюы мен жүйеленуін, мемлекеттік тілді меңгертудің әдістемесін жетілдіру мәселелері. Мұның бәрі «Мәңгілік ел» идеясымен тығыз байланыста болып, халқымыздың алдында Мәңгілік ел болу мақсатын ұстанған ұлттың рухын асқақтатып, тілін, дінін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін яғни ұлттық құндылықтарын жете зерттеп, насихаттау міндеті тұр. Осы тұрғыдан келгенде ізденуші Алдашева Камар Сагингалиевнаның «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысы бүгінгі заман сұранысына жауап берер құнды да өзекті зерттеулердің бірі екені сөзсіз.

Себебі, бүгінгі әлем бастан кешіріп отырған жаһандану үдерісіне өз елінің тілін білетін және оны сақтаған, ұлттық құндылықтарымен терең сусындаған ұрпақ қана төтеп бере алады. Осы ретте тамырын тереңнен алатын қазақ тілінің уақыт өткен сайын қорына молынан келіп қосылып жатқан жаңа сөздерін зерделеп, жүйелеу зор маңызға ие. Неологизмдерді лингвистикалық, лингвомәдени және сыртқы факторларлық ерекшеліктері бойынша қалыптануы мен нормалану тұрғысынан зерделенуі жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Бүгінде білім берудің жаңа технологиялары мен әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, қазақ тіліндегі жаңа сөздер туралы білімді жетілдірудің маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде. Ізденушінің қазақ тіліндегі жаңа сөздерді қазіргі қоғамның жоғары талаптарына толық сәйкес келетін зияткерлі, рухани түрде дамыған тілдік тұлға ретінде орнығуына ықпал етіп отырғандығын ескерсек, атаулы зерттеудің өзектілігі арта түседі. Бұл бағыттағы зерттеу бүгінгі таңдағы ұлт тілінің қорының көбейіп, теориялық жағынан терең жүйелеу мақсатындағы еліміздің тәуелсіздік идеясын паш ететін «Мәңгілік ел», ҚР-дағы тілдерді дамыту мен мемлекеттік тіл қызметін жүзеге асыруға қатысты бағдарламалармен де тығыз байланыстылығы зерттеу жұмысының сұранысқа құрылғандығын айқындай түседі.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері**

Диссертация жұмысының құрылымы кіріспе мен анықтамадан, үш тараудан, әр тарауға қатысты үш тараушадан тұрады. Әр тараушада зерттеуге қатысты нақты міндеттер шешілген. Диссертант қойылған міндеттерге байланысты бірнеше нәтижелерге қол жеткізген.

1. Бірінші ғылыми нәтиже бойынша қоғам дамуының нақты бір кезеңінде (1991-2016 жж) қазақ әдеби тілінде пайда болған жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы үдерістеріне жаңа сөздердің коммуникативті тілдік кеңістікке таралуына қарай бірінші рет кешенді талдау жүргізілді деген дұрыс тұжырым жасайды.

2. Жаңа сөздердің кодификациясы тілді дамытуды жүзеге асырудың практикасы контекстінде талдауға жасалған алғашқы ұмтылыстар және үдерістер кезеңдері мен олардың нәтижелері екендігін нақтылаған;

3. Қазақ тілінің өміршеңдігі, ғылыми танымның, ғылым мен техниканың, әлеуметтік-мәдени реалийлердің атауларын берудегі қазақ тілінің жан-жақты мүмкіндігі дәлелденіп, жалпы орта білім беру жүйесінде оқушылардың коммуникативтік тілдік кеңістікте жаңа сөздердің қолданысын кеңейтудің лингвистикалық, ұлттық философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздемелері ұсынылған;

4. Лингвистикалық, педагогикалық әдістерді игере отырып, қазақыландырылған атаулардың әлеуметтік-коммуникативтік маңыздылығын пәрменді түрде түсіндіріп отыру оқушылардың еліміздегі тіл саясатының басым бағыттарына деген саналы көзқарастарының одан әрі қалыптасуына ықпал ететіндігі туралы қорытындылар жасалған;

5. Бейіндік мектептерде қазақ тілін оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттау бойынша талаптарға сәйкес және қазақ тілінің функционалды және кәсіби қарым-қатынас тіліне айналуы мақсаттарында жаңартылған лингводидактикалық база (оқу бағдарламасы), тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі, әдістемесі әзірленген.

## **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі**

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізі ретінде қазіргі қазақ тілін зерттеуде маңызды орын алатын отандық және лингвистика саласындағы шетелдік зерттеушілердің ғылыми-теориялық зерттеулері мен тұжырымдары алынған. Зерттеуде отандық ғалымдардан: Қ. Жұбанов, Ә. Қайдаров, С. Исаев, Н. Уәли, Р. Сыздық, Н. Оралбаева, Ш. Бәйткіова, Э. Сүлейменова, А. Алдашева, О. Бүркітов, Б. Момынова, Ф. Жақсыбаева, Ә. Әміров, Қ. Қадырқұлова, С. Кенжемұратова, Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірасілов, С. Ақаев, Қ. Есенова, Б. Қасым, т.б. сияқты лингвистикаға қатысты зерттеулері басшылыққа алына отырып, шетелдік У. Вейнрайх, Э. Хауген, үнді ғалымы П.С. Рэй, Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері – В. Матезиус, Б. Трнка, Б. Гавранек, Я. Мукаржовский, В. Скаличка, Н.С. Трубецкой, С.О. Карцевский, орыс

ғалымдарынан А.А. Брагина, Б.Н. Головин, Е.Ф.Иванова, В.Г.Костомаров, Т.Б. Кочеткова, т.б. авторлардың еңбектері теориялық басшылыққа алынғандығы зерттеу нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесін айқын көрсете алады.

Ізденуші К.С. Алдашева аталған отандық, орыс және шетел ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып, бірқатар дұрыс тұжырымдар мен пайымдаулар жасай білген. Зерттеу жұмысында көрсетілген нәтижелердің барлығы дерлік қазіргі тілдік деректерге сүйене отырып тұжырымдалған және логикалық үйлесімділік толығымен сақталған. Ізденіс бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың негізделуін, шынайылық дәрежесін ескере отырып, жұмысқа ерекше баға беруге болады.

#### **4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі**

Диссертацияның қол жеткізген нәтижелерінің ғылыми жаңалығы дау туғызбайды. Себебі, зерттеуде қазақ тілінің соңғы ширек ғасыр көлемінде пайда болған жаңа сөздерінің қалыптануы мен нормалану үдерістері ғылыми-практикалық тұрғыдан жүйеленіп, бейіндік мектептер үшін әдістемелік жүйе әзірленіп отыр.

Бірінші нәтиже – жаңа. Себебі, - қазақ әдеби тілінің қоғам дамуының нақты бір кезеңінде пайда болған жаңа сөздерінің қалыптануы мен нормалануы арқылы коммуникативтік тілдік кеңістікте таралуына қарай бірінші рет кешенді талдау жүргізілді.

Екінші нәтиже – жаңа. Себебі, жаңа сөздердің кодификациясы тілді дамытуды жүзеге асырудың практикасы контекстінде талдауға жасалған алғашқы ұмтылыстар және үдерістер кезеңдері мен олардың нәтижелері екендігін нақтылаған;

Үшінші нәтиже – ішнара жаңа. Қазақ тілінің өміршеңдігі, ғылыми танымның, ғылым мен техниканың, әлеуметтік-мәдени реалийлердің атауларын берудегі қазақ тілінің жан-жақты мүмкіндігі дәлелденіп, жалпы орта білім беру жүйесінде оқушылардың коммуникативтік тілдік кеңістікте жаңа сөздердің қолданысын кеңейтудің лингвистикалық, ұлттық философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздемелер әртүрлі зерттеулерде ұсынылып жүр.

Төртінші нәтиже – ішнара жаңа. Лингвистикалық, педагогикалық әдістерді игере отырып, қазақыландырылған атаулардың әлеуметтік-коммуникативтік маңыздылығын пәрменді түрде түсіндіріп отыру оқушылардың еліміздегі тіл саясатының басым бағыттарына деген саналы көзқарастарының одан әрі қалыптасуына ықпал ететіндігі туралы қазақ тілін оқыту әдістемелерінде, қазақ тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту бойынша зерттеулерде айтылады;

Бесінші нәтиже – жаңа. Себебі, бейіндік мектептерде қазақ тілін оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттау бойынша талаптарға сәйкес және қазақ тілінің функционалды, кәсіби қарым-қатынас тіліне айналуы мақсаттарында жаңартылған лингводидактикалық база (оқу

бағдарламасы), тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі мен әдістемесі қазақ тілінің жаңа сөздеріне тікелей әзірленді.

### **5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы**

Диссертация авторының ғылыми мақсаты айқын, атқаратын міндеті анық, зерттеу тақырыбы нақты және соған орай зерттелу деңгейі де жоғары дәрежеде. Зерттеушінің осы тақырыпта жүргізген бұрынғы ғылыми жұмыстарының тәжірибесі мен дәріс беру саласындағы кәсіби мамандық тәлімінің молдығы, тікелей осы бағытта жүргізген эксперимент жұмысының нәтижелілігі:

- зерттеліп отырған тақырыптың құрылымын дұрыс құруға, оған сай ғылыми мәселені нақты қоя білуіне, жұмыстың жоспары арқылы зерттеу негіздері ретімен жүйелі және олардың әр қайсысына тән және өзара ортақ теориялық пікірлерін ішкі бірлікте өрбітіп, мазмұн тұтастығын сақтай отырып ойды дамыта талдауға - тікелей игі ықпал жасаған.

### **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселелені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы**

Диссертациялық жұмыстың материалдары қазақ неологиясы мен неографиясының, терминжасам мен терминографияның, лексикология мен лексикографияның дамуына, қазақ тіліндегі ресми-іскери мәтіндерді сауатты түзуде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының нәтижесі бейіндік мектептердің 10-11 сыныптарындағы «Қазақ тілі» пәнін оқытудың әдіснамасы мен әдіс-тәсілдерін жетілдіруде мұғалімдер үшін пайдасы бар.

Қазақ тіліндегі этнолингвистика және лексикология, сөзжасам, терминжасам салалары бойынша лекциялар, арнайы курстар оқығанда, семинарлар ұйымдастырғанда, сондай-ақ, жоғары оқу орындары мен мектептерге арналған оқу құралдарын дайындағанда пайдаға асады деп санаймыз.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерін жоғарғы оқу орындарында қазақ тілін тереңдетіп оқытатын арнайы дәрістерде, практикалық сабақтарды жүргізуде қолдануға болады.

### **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 16 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық және республикалық конференцияларда 10 мақала, ҚР Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарияланған.

### **8. Диссертацияның рәсімделуіндегі және мазмұнындағы кемшіліктер**

Диссертант қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздерін зерттеуде көп еңбектенген. Жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының заңнамалық негіздерін және біріздендіру, стандарттау мәселелерінен бастап, жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мен меңгерудің әдіснамалық негіздерін қарастырады. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгерудің әдістемелік жүйесін беру барысында ізденуші «Қазақ тілі» оқулықтары мен оқу бағдарламаларына жан-жақты талдау жасайды. 5-11 сынып оқулықтарындағы жаңа сөздерді қамтудағы жетістіктері мен кемшіліктеріне көбірек тоқталады. Әр сыныпта жаңа сөзді меңгеруде не нәрсеге көбірек көңіл бөлу керектігін егжей-тегжейлі түсіндіреді. Диссертацияның жетістіктерін жоғары бағалай отырып, алайда төмендегідей ұсыныстарды да атап өткен жөн:

1. 5-11 сынып оқулықтарына талдау жасай келіп, жаңа сөздерді орта білім беру жүйесіндегі барлық пәндермен интеграциялық тұрғыдан меңгертуге болатынын айтады. Қазақ тілі жаңа сөздерді теориялық тұрғыдан меңгерудегі негізгі пән болса, басқа пәндер оларды практикалық жағынан меңгерудің негізгі құралы болуы тиіс деп, білім берудегі интеграциялық үдерістің маңыздылығына баса көңіл аудартады, бірақ қалай интеграция жасау қажет, оның тиімділігі неде екені көрсетілмейді. Жұмыстың қосымшасында 1 жаттығу ғана берілген. Ол тек төрт сөзге құрылған. Кейбір пәндермен интеграция жасау үлгісін көрсетсе дұрыс болар еді.

2. Жаңа сөздерді меңгеруде қолданылатын әдіс-тәсілдер кешені жасалған. Интербелсенді әдістердің түрлерін іріктеп алып:

- топтық жұмыс;
- пікірталас;
- интербелсенді дәрістер (мини –дәріс, пресс-конференциялық дәріс);
- ойға шабуыл;

– жобалау т.б. деп көрсетіледі. Мұндағы топтық жұмыс – оқытуды ұйымдастырудың формасы екенін ұмытпауымыз қажет. Яғни, ұжымдық жұмыс, топтық, жұптық, жеке жұмыстар әдіс-тәсілдер негізінде орындалатындықтан ол бөлекше түсіндіруді қажет етеді.

Бұл айтылған ұсыныстар зерттеу жұмысының құндылығын түсірмейді деп санаймын.

### **9. Аннотацияның диссертация мазмұнымен сәйкестігі**

Зерттеу жұмысына жасалған аннотация диссертация мазмұнына сәйкес келеді. 1-тарау бойынша жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының заңнамалық негіздерін және біріздендіру, стандарттау мәселелері қарастырылған. 2-тарау бойынша жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мен меңгерудің әдіснамалық негіздері қарастырылады. 3-тарауда Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгерудің әдістемелік жүйесіне талдау жасалып, оның әдістемесі ұсынылған.

**10. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері» атты тақырып өте өзекті. Сонымен қатар, тақырыптың жан-жақты ашылғандығы, талапқа сай жазылғандығын ескере, зерттеуші Алдашева Камар Сагинғалиевна «6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Қазақ мемлекеттік қыздар  
Педагогикалық университетінің  
қауым.проф.м.а., п.ғ.к.

«15» желтоқсан, 2016 жыл



*Ш.Л. Ерхожина* Ш.Л. Ерхожина

Колы  
Подпись  
Растаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр бөлімінің бастығы  
Заверено: Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета